

## ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

### қызметтерді сатып алу туралы

<қызметтердің атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17-тармағының 1) тармақшасына және <хаттама бекітілген күн> тендер тәсілімен <қызметтердің атауы> қызметтерін сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

### 1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші \_\_\_\_\_ сатып алу порталында тендер тәсілімен <қызметтердің атауы> (бұдан әрі - Қызметтер) қызметтерін сатып алуды өткізетіндігі туралы хабарландыруды орналастырды және Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда> \_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын (\_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын) мөлшеріндегі сомаға тендер өтінімін қабылдады.

1.2. Жеткізуші Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптарда Қызмет көрсету бойынша міндеттемені өзіне қабылдайды, ал Тапсырыс беруші Қызметтерді Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.3. Шартта мына негізгі ұғымдар қолданылады:

- 1) Шарт - Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Қағидаларына, Заңдарына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ Сақтанушының жазбаша түрде ресімделген Шартқа барлық қосымшалары мен толықтыруларымен Тараптар қол қойған актісіне, сондай-ақ Шартта сілтемесі бар барлық құжаттамаларға сәйкес жасалған азаматтық-құқықтық мәміле;
- 2) автокөлік - оларға құрастырылған құрал-жабдықты қоса алғанда Сақтанушы иелік ететін автомобиль көлігі құрамының қозғалмалы бірлігі (автобустар, шағын автобустар, жеңіл автомобильдер, сондай-ақ мамандандырылған автомобильдер (белгілі жүк түрлерін тасымалдау үшін арналған). Сақтандырылған автокөліктер тізбесі Шартқа 2-қосымшада көрсетіледі;
- 3) сақтандыру сыйлықақысы - Сақтандырушының Шартта белгіленген мөлшерде Сақтанушыға

(пайда алушыға) сақтандыру төлемін төлеу міндеттемесін қабылдағаны үшін Сақтанушының Сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы;

4) сақтандыру сомасы – сақтандырылған сақтандыру нысаны және Сақтандырушының Шарт талаптарына сәйкес сақтандыру жағдайы немесе бірнеше сақтандыру жағдайы туындағандағы жауапкершілігінің шекті көлемін көрсететін ақша сомасы;

5) сақтандыру жағдайы – оқиға туындағанда Шартта сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделетін оқиға;

6) сақтандыру төлемі – Сақтандырушы Сақтанушыға Шарттың барлық қолданылу кезеңінде сақтандыру жағдайы немесе бірнеше жағдай туындаған кезде сақтандыру сомасы аясында төлейтін ақша сомасы;

7) Қызметтер – Сақтанушының иелігіндегі автокөлікті Шарт талаптарына сәйкес көрсетілетін сақтандыру бойынша қызметтер;

8) күндер – егер Шартпен басқасы белгіленбесе күнтізбелік күндер;

9) Пайда алушы – Шартқа сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын Сақтанушы;

10) шартсыз франшиза – Шарт талаптарында көзделген Сақтандырушыны автокөлікті тек айдап әкету немесе толығымен жоғалған (жойылған) жағдайда ғана зиянды өтеуден босату. Шартсыз франшиза әр автокөлікке жеке-жеке қолданылады.

11) сақтандыру сомасы/жауапкершілік лимиті, франшизалар, төлемдер мен сыйлықақылардың валюталық түрі – Қазақстан Республикасының ресми ақша бірлігі қазақстандық теңге (KZT).

1.4. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы туындағанда Шартта сақтандыру сомасы болып белгіленген шамада Сақтанушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттеледі, ал Сақтанушы Қызметтерді қабылдауға және Шарт талаптарына сәйкес сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттеледі.

1.5. Шарт аясында көрсетілген Қызметтер осы қызмет түріне арналған стандартқа сәйкес немесе одан жоғары болуы керек. Шарттағы тұжырымдаманың кез келген олқылығы болса, түсінік беру Қазақстан Республикасы заңдарының тікелей талаптарын бұзбаса, Сақтанушының пайдасына есептеледі.

1.6. Сақтандырушы қайта сақтандыруды қоспағанда, Сақтанушының алдын ала жазбаша келісімсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін үшінші тұлғаларға толықтай да, ішінара да беруге құқығы жоқ. Қайта сақтандыру (қайта сақтанушы) шартының болуы Сақтанушы мен Сақтандырушы арасындағы Шарт талаптарын өзгертпейді және Сақтандырушы Сақтанушы алдында Шарт талаптарына сәйкес толық көлемде жауапты болады.

1.7. Сақтандыру нысаны болып автокөлікке келтірілген зиян немесе автокөлікке келтірілген шығынға байланысты, Шарттың 1.10-тармағында көзделген жағдайлар нәтижесінде Сақтанушының иелігінен құқыққа қайшы шығуын қоса алғанда, Сақтанушының мүлдіктік мүддесі табылады.

1.8. Шарт бойынша Сақтанушы Сақтанушыға тиесілі, меншік құқығындағы сияқты Сақтанушының сенімді басқармасындағы (бұдан әрі – Сақтанушының автокөлігі) автокөлікті (Шартқа №2 қосымша) сақтандыруды жүзеге асырады.

1.9. Сақтандырушы Шарт күшіне енген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей №2 қосымшада көрсетілген әр автокөлік құралына сол автокөлік құралының сақтандырылғандығын растайтын сақтандыру сертификатын береді. Сақтандыру сертификаты көлік құралы, оның тіркелген деректері туралы, сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, осы көлік құралына сақтандыру сомасы туралы ақпаратты, сақтандыру қорғанысы кезеңін және басқа да ақпараттарды құрайды.

1.10. Сақтандыру басталуымен Шартпен сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделген оқиға жағдайы болып мына жағдайлар нәтижесінде (жиынтығы немесе кез келген әрекеті бойынша) Сақтанушының автокөлігін толығымен жойылуын қоса алғанда, жойылуы немесе зақымдалуы саналады:

1) автокөлікті жоғалту (айдап кету, ұрлау);

2) мыналардың нәтижесінде автокөліктің зақымдалуы және/немесе толығымен жойылуы

(құртылуы):

- а) жол-көлік оғиғасы (ЖКО);
- б) сыртқы әсер салдарынан туындаған өрт, жарылыс;
- в) табиғи апаттар – жер сілкінісі, опырылу, көшкін, топырақтың шөгуі, сел, найзағай, су тасқыны, боран, дауыл, жауын, бұршақ;
- г) басқа да сыртқы механикалық әсерлер (темір шатырдың, шатырдан қар немесе мұздың, бағананың, ағаштың құлауы, қиыршықтасты, тастарды және басқа да көліктің дөңгелегі астынан қатты заттарды лақтыру және т.б.);
- д) жануарлардың әрекеті;
- е) айдап әкету нәтижесінде көлік құралының зақымдалуын қоса алғанда, үшінші тұлғалардың әрекеттері (ұрлауды қоспағанда);
- ж) төңкерілу, құлау, су басу, мұз астына құлау, жол төсемі астына құлау;
- з) су құбыры, канализация, жылыту немесе өртке қарсы тораптардың апаты салдарынан туындаған судан зақымдалу;
- и) қозғалмайтын немесе қозғалмалы заттардың басып қалуы (ғимарат, үй-жай, кедергі, қоршау, жануар, ағаш).

1.11. Сақтанушы Шарттың 1.10-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген оқиғалардан сақтандыру кезінде сақтандыру қорғанысын қолдану кезінде:

- 1) сақтандырылған автокөлікті айдап кетуге қарсы дабылдамамен немесе меңгерік доңғалағын қимылдатпайтын құрылғымен жабдықтауға;
- 2) автокөлікті қараусыз қалдырған жағдайда барлық құлыптарды жабуға және айдап кетуге қарсы дабылдаманы немесе меңгерік доңғалағын қимылдатпайтын құрылғыны қосуға;
- 3) тәуліктің түнгі уақытында автокөлікті қауіпсіз жерге немесе күзетілетін тұраққа немесе гаражға қоюға міндетті.

1.12. Шарт бойынша сақтандыру жағдайы мынадай жағдайлар нәтижесінде туындаса Сақтанушының автокөлігі жоғалған немесе зақымдалған (жойылған) болып есептелмейді:

- 1) Сақтанушының қажетті қорғаныс немесе өте қажетті жағдайда туындаған әрекеттерді есептемегенде, сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның туындауына ықпал ететін қасақана әрекеті;
- 2) Сақтанушының Қазақстан Республикасының бекітілген заңнамалық актілерінде сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар болып танылған әрекеттері;
- 3) ядролық жарылыс, радиациялар немесе радиоактивті зақымдану әсерлері;
- 4) мемлекеттік органдардың өкімі бойынша сақтандырылған автокөліктен айырылып қалу, тәркілеу, реквизициялау, тыйым салу немесе жою;
- 5) Шартта сақтандыру жағдайы ретінде көрсетілмеген оқиға.

1.13. Мына шығындар сақтандырумен өтелмейді:

- 1) сақтандыру аумағынан немесе сақтандыру қорғанысын қолдану кезінен тыс кезде автокөліктің жоғалуы немесе зақымдалуы;
- 2) автокөлікті пайдалану нәтижесінде оның сынуы, тоқтап жүрмей қалуы, тетіктерінің, тораптарының және агрегаттарының істен шығуынан туындаған шығындар;
- 3) автокөліктің және оған құрастырылған құрал-жабдықтың табиғи тозуына байланысты шығындар.

## 2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС қоса есептегенде> \_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын (\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын) (егер Жеткізуші ҚҚС төлеушісі болса) (бұдан әрі - Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға \_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын (\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын) мөлшеріндегі Қызмет құны, <және \_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын (\_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, Шарттың Жалпы сомасынан Шарттың 2.6,

2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады)> кіреді. Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығындары кіреді.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші келесі тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

Шарттың 1.9-тармағына сәйкес Сақтандырушы жеке-жеке әр автокөлік құралына сақтандыру сертификаттарын беру фактісі бойынша Сақтандырушыдан төлемге шот алған күннен бастап операциялық 10 (он) күн ішінде.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша \_\_\_ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші кірістің түпкілікті алушысы және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың Жалпы сомасын төлеген кезде тиісті халықаралық шартында көзделген салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін өз бетінше қолдануға құқылы (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы қаражат көздерінен алынатын табыстарына қатысты қолданылады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Халықаралық шартты салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін резиденттігін растайтын құжатты және бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не сауда тізілімінен (бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген акционерлердің тізілімінен немесе өзге де ұқсас құжаттан) үзінді көшірмені табыс еткен жағдайда ғана рұқсат етіледі (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрылған жағдайда, Жеткізуші бейрезиденттің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде тіркелгенін растайтын құжатты ұсынған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамастан

табыс сомасын төлейді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және оларды кейіннен келесі <цифрмен> <(жазбаша)> <күнтізбелік/жұмыс (керегін таңдап алу)> күн (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып Тапсырыс беруші қабылдайды.

2.11. Сақтандырушы төлемге шотты уақтылы ұсынбаған жағдайда ақы төлеу мерзімі Сақтандырушы төлемге шотты кешіктіріп ұсынған кезеңге жылжытылады.

2.12. Шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысы Қызметтер үшін бағасы өзгерместен сақтандырылған автокөлік санына қарай кемуі немесе өсуі мүмкін.

2.13. Сақтандырылған автокөліктің сақтандыру сомасы Шартты жасау сәтінде оның нақты құнынан (сақтандыру құнынан) аспауы керек. Сақтандырылған автокөліктің нақты құны (сақтандыру құны) сақтандырылғанның моральды және табиғи тозуын ескере отырып немесе Шартты жасау сәтінде ұқсас автокөліктің нарық құны негізінде немесе сарапшының (бағалаушының) бағалауы негізінде осындай маркалы автокөліктің құны болып саналады.

2.14. Нақты құн автокөліктің бастапқы құны мен амортизациялық аударымдарды (тозу), пайдалану мерзімін, техникалық жай-күйін және автокөліктің тауарлық түрін есептегенде, сонымен қатар Тараптардың келісімі бойынша анықталады.

2.15. Егер Шартта бекітілген сақтандыру сомасы сақтандырылған автокөліктің нақты құнынан (сақтандыру құнынан) асатын болса, Сақтанушы Шартты жасау сәтінде нақты құнға (сақтандыру құнына) сәйкес келетін сақтандыру сомасының бөлігіне қолданылады.

2.16. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың барлық жағдайында тұтас алғанда сақтандыру сомасынан аспауы керек.

2.17. Сақтандыру төлемін жүргізгеннен кейін Шарт өз қолданысын тоқтатпайды және сақтандыру сомасы (жеке көлік құралына сақтандыру сомасы) жүргізілген сақтандыру төлемінің шамасына кемиді. Сақтандыру сомасының кемуі сақтандыру төлемін нақты жүргізу күнінен бастап жүргізіледі.

2.18. Шарт бойынша жалпы сақтандыру сомасы белгіленді – сақтандыру қорғанысының барлық қолданылу кезінде барлық сақтандыру жағдайы бойынша жауапкершіліктің жиынтықты шекті көлемі және ол мынаны құрайды:

Сақтандыру нысаны - Шартқа №2-қосымшаға сәйкес автокөлік.

Жалпы сақтандыру сомасы \_\_\_\_\_.

Жалпы сақтандыру сыйлықақысы \_\_\_\_\_.

2.19. Әр сақтандыру нысаны (әр автокөлік) бойынша сақтандыру сомасы Шартқа №2 қосымшада көрсетіледі.

2.20. Сақтандырушы Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысы Жалпы сомасының 3% (үш пайызы) мөлшерінде банктік кепілдік немесе кепілді ақшалай жарна түрінде енгізеді.

2.21. Сақтандырушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Сақтанушы енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтарады.

2.22. Сақтандырушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны салдарынан Сақтанушы Шартты біржақты тәртіпте бұзған жағдайда Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

### **3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ**

#### **3.1. Тапсырыс беруші:**

- 1) Жеткізушінің Шарт талаптарына сәйкес көрсеткен Қызметтерін Акті негізінде қабылдауға;
- 2) Жеткізушінің жазбаша сұратуы негізінде Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы үшін оған қажетті құжаттарды (ақпаратты) және материалдарды ұсынуға;
- 3) төлемді Шарттың талаптарына сәйкес жүргізуге құқылы;
- 4) Тапсырыс беруші мен Жеткізушінің уәкілетті өкілдері Актіге қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде және (немесе) Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеген күннен бастап Жеткізушіге Шарттың орындалуына енгізілген қамтамасыз етуді қайтаруға міндеттенеді (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талабы болғанда).

### **3.2. Тапсырыс беруші:**

- 1) Жеткізушіден Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтердің толық көлемде және мерзімде тиісті түрде көрсетілуін талап етуге;
- 2) Қызметтер көрсету барысын және оның сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;
- 3) Қызмет көрсету, көрсетілген Қызметтерді қабылдау-өткізу барысында кемшіліктер, ескертулер, сәйкессіздіктер, шала істелгендер, қателер (бұдан әрі – ақаулар) анықталған жағдайда, анықталған ақаулар туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы Шартта белгіленген мерзімде оларды жоюды талап етуге немесе Жеткізушіге жазбаша дәлелдемелі бас тарту жібере отырып, ішінара немесе толықтай ақы төлеуден бас тартуға және Актіге қол қоймауға;
- 4) Шартты кез келген кезеңде Шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға;
- 5) Шарттың 3.3-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды өз ұйғарымы бойынша бағалауға, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;
- 6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растау құжаттарын талап етуге;
- 7) егер Шарт Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе оны тиісті түрде орындамауы не болмаса тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) Шартта көзделген мерзімдегі және тәртіптегі негіздер бойынша төлемеу салдарынан бұзылған болса, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармауға құқылы.
- 8) Шарттың қолданылу кезеңінде сақтандырылған автокөлік санындағы келісілген өзгерістермен (азаюы немесе көбеюі) сақтандыру сомасының, сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін қайта есептеу туралы жариялауға;
- 9) Сақтандырушыға Сақтанушының техникалық қызмет көрсету бекетінің банктік шотына ақша аудару арқылы Шартқа №2 қосымшада көрсетілген автокөлік бойынша сақтандыру төлемін жасау үшін жазбаша хабарлама жіберуге құқылы.

### **3.3. Жеткізуші:**

- 1) Қызметтерді Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және

талаптармен толық көлемде көрсетуге;

2) Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Қызмет көрсетудің барысы туралы ақпарат ұсынуға;

3) Қызметтерді білікті мамандардың көрсетуін қамтамасыз етуге;

4) Тапсырыс беруші Қызмет көрсету, көрсетілген Қызметтерді қабылдау-өткізу барысында, ақауларды анықтаған жағдайда, оларды Тапсырыс берушіден анықталған ақаулар туралы хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде өз есебінен жоюға;

5) Жеткізушінің ақауларды Шартта белгіленген мерзімде жоюы мүмкін болмағанда/оны жоюдан бас тартқан жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

6) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жарияламауға және оны құпия сақтауға;

7) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе оны тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

8) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген сәтте Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайдарға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;

9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және де ішінара түрде басқа біреуге бермеуге;

10) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанда немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

11) Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың жалпы сомасынан 3% (үш пайыз) мөлшерінде енгізуге (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талап болғанда).

12) сақтандыру жағдайы басталған кезде Шартта белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру төлемін жүргізуге;

13) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

14) сақтандыру жағдайы басталған кезде шығындарды азайту үшін олар көтерген шығыстарды Сақтанушыға өтеп беруге;

15) Сақтанушы Сақтанушыға сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау үшін қажетті құжаттар пакетін толық бермеген жағдайда, жетіспейтін және (немесе) дұрыс рәсімделмеген құжаттарды олардың атауын көрсете отырып беру туралы хабарламаны 5 (бес) жұмыс күні ішінде жіберуге;

16) Тараптардың жоғарыда көрсетілген құқықтары мен міндеттемелері толық болып табылмайды, Тараптардың жеке міндеттемелері Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген.

### **3.4. Жеткізуші:**

1) Қызметтерді көрсеткен кезде бірлесіп орындаушыларды тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің бірлесіп орындаушыларға жалпы Қызмет көлемінің үштен екі бөлігінен асатын Қызмет көлемін беруге рұқсат етілмейді;

2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Қызмет көрсету үшін қажет ақпараттын жазбаша түрде сұратуға;

3) Шарттың талаптарына сәйкес көрсетілген Қызметтер үшін төлем алуға **құқылы**.

4) Шартты жасау кезінде автокөлікті тексеріп қарауға;

5) Сақтанушының, немесе оның уәкілетті тұлғасының, сақтандыру жағдайын туындатуы немесе оның туындауына ықпал етуіне бағытталған қасақана іс-әрекеті жағдайында, сондай-ақ Сақтанушы сақтандыру шарты талаптарын орындамағанда немесе оқиға сақтандыру жағдайы болып танылмаған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен Шарт талаптарында көзделген негіздемелер бойынша Сақтанушыға (Пайда алушыға) бұл туралы жазбаша хабарлап сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.

#### **4. ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ**

4.1. Қызметтер көрсету мерзімі – Шарттың 5.8-тармағына сәйкес.

Шарт Сақтандырушы Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді толық көлемде енгізген күннен бастап күшіне енеді және Тараптар үшін міндетті болады. Бұл жағдайда Шартқа қол қойылған күн Шарттың бірінші парағының оң жақ жоғарғы бұрышында көрсетілген күн саналады. Шарт сақтандыру қорғанысы қолданысы кезеңі аяқталғанға дейін, ал өзара есеп айырысуларға қатысты – оларды толық орындағанға дейін. Әрбір сақтандыру сертификатының қолданылу мерзімі Шарттың қолданылу мерзіміне теңестіріледі

Сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі 2022 жылғы 16 мамырдағы 00:00 - 2023 жылғы 15 мамырдағы 23:59 аралығында..

4.2. Қызметтер көрсету орны: Қызмет көрсету орны: Сақтанушы автокөлігін сақтандыру аумағы, толық тізбесі Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Қазақстан Республикасының аумағы, сондай-ақ Сақтанушының ресми түрде ресімделген құжаттарына сәйкес қызметтік көлікпен іссапарға шыққан кездегі басқа аумақ болып табылады. Сақтандыру аумағынан тыс туындаған автокөліктің жоғалу немесе жойылуы (зақымдалуын) Шартпен өтелмейді.

#### **5. КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

5.1. Шарттың қолданылу кезеңінде Сақтанушы Сақтандырушыға Шартты жасау кезінде Сақтандырушыға хабарланған жағдайлардың оған мәлім болған елеулі өзгерістері туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің өсуіне елеулі әсер етуі мүмкін болса 5 (бес) жұмыс күні ішінде жазбаша хабарландырады.

5.2. Елеулі өзгерістер болып табылады:

1) автокөлікті сенімді басқармаға тапсыру, лизинг, жалға беру, кепіл және басқа да жол полициясы органдарындағы ауыртпалықтар, қайта тіркеу;

2) автокөлікке меншік құқығының басқа тұлғаға өтуі;

3) шанақ немесе қозғалтқышты ауыстыру, қосымша құрал-жабдықты орнату.

5.3. Сақтандыру жағдайының белгілері бар жағдайдың туындауы кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға мұндай жағдайының туындауы туралы 10 (он) жұмыс күні ішінде хабарлайды.

5.4. Сақтанушы сақтандыру төлемі туралы шешімді қабылдау үшін Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындауы туралы өтінішті және мына құжаттарды береді:

1) ЖКО кезінде:

ЖКО туралы хаттама, ЖКО кестесі, ЖКО қатысушыларын алкоголь пайдалану фактісіне (бар болса) медициналық куәландыру қорытындысы, автокөлікті тіркеу туралы куәлік көшірмесі (техникалық талон немесе тіркеу куәлігі), сақтандыру шартының көшірмесі (бар болса), қаулы;

2) үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері:

оқиға орнын қарау хаттамасының көшірмесі және қылмыстық істі қозғау туралы қаулы, іс бойынша өндірісті тоқтату туралы қаулының көшірмесі (автомобиль көлігін айдап кету немесе ұрлау кезінде); айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы көшірмесі (құқыққа қарсы әрекеттерді жасаған тұлғаны анықтаған кезде); Сақтанушы Сақтандырушыға көмек көрсетсе және сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын немесе сақтандыру жағдайының туындау фактісін растайтын тергеуді, классификациялауды және оқиғаларды есепке алуды жүзеге асыратын уәкілетті орган (комиссиядан) алған құжаттарды беруге; автокөлікті айдап кету немесе ұрлау кезінде автокөлікке қосымша тіркеу құжаттарын; автокөлікті пайдалануға және билік етуге берген барлық сенімхаттар; ұрланған (айдап кетілген) автокөліктің түпнұсқалық кілттерінің толық жиынтығын (бар болса); сақтандырылған автокөліктің жабдықталған басқару пульті, салпыншағы, карточкалары, барлық электронды және электронды-механикалық айдап кетуге қарсы жүйелердің активті және пассивті активаторлары, механикалық айдап кетуге қарсы құрылғының барлық кілттерінің толық жиынтығы (бар болса);

3) табиғи апаттар кезінде:

тергеуді, классификацияны және сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын немесе сақтандыру жағдайының туындау фактісін растайтын оқиғаларды есепке алуды жүзеге асыратын аумақтық бөлімшелер, гидрометқызметтері, мемлекеттік комиссиялар, құзыретті органдар жасаған актілер, қорытындылар, басқа да құжаттар;

4) басқа да кенеттен болған оқиғалар:

өртке қарсы және құқық қорғаушы органдар актілерінің көшірмесі, өрт-техникалық сараптаманың қорытындысы, көлік-жол оқиғасы туралы хаттама және оның қосымшалары; оқиға орнын қарау хаттамасының көшірмесі; сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын немесе сақтандыру жағдайының туындау фактісін растайтын оқиғаларды тергеу, классификациялау және есепке алуды жүзеге асыратын уәкілетті органдар (комиссиялар) жасаған басқа да құжаттар;

Автокөлік жөндеуді немесе зақымдалған немесе шығындалған жабдықты, торапты, тетіктерді ауыстыруды (орнатуды) талап ететін сақтандыру жағдайы туындаған кезде Сақтандырушы техникалық қызмет көрсету станциясының шот-фактурасы (электронды шот-фактурасы) бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырады, мұндайда Шартқа №2 қосымшада көрсетілген автокөлік үшін техникалық қызмет көрсету станциясын Сақтанушы өздігінен таңдайды.

5.5. Шарттың 5.4-тармағында көзделген құжаттарды алғаннан кейін Сақтандырушы 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе жүзеге асырудан бас тарту туралы шешімді қабылдайды. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыны (Пайда алушыны) 5 (бес) күн ішінде жазбаша түрде хабарландырады, хабарламада бас тартудың дәлелді себебі қамтылуы керек. Сақтанушы Шарттың 5.4-тармағында көзделген барлық құжаттарды бермеген жағдайда, Сақтандырушы толық емес құжаттар пакетін берген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сақтанушыны сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдау үшін қажетті құжаттардың жетіспеушілігі және (немесе) дұрыс ресімделмеуі туралы жазбаша хабарландыруға міндетті.

5.6. Сақтандырушы егер сақтандыру жағдайы мына жағдайлар салдарынан болса, Сақтанушыға сақтандыру төлемінен толығымен немесе ішінара бас тартуға құқылы:

1) Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру нысаны, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы әдейі жалған мәліметтерді хабарласа;

2) Сақтанушы сақтандыру жағдайының залалын кеміту бойынша іс-шараларды қасақана қабылдаса;

3) Сақтанушы зиян келтірген кінәлі тұлғадан өтелетін сома шегінде шығынды тиісінше өтеуді алса;

4) Сақтанушы Сақтандырушының сақтандыру жағдайының туындау себебін тергеуіне және келтірілген зиян мөлшерін белгілеуге кедергі келтірсе;

5) Сақтандырушыны сақтандыру жағдайы туындағандығы туралы хабарламаса. Мұндайда, Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының туындағаны туралы хабарламауы, егер Сақтандырушының сақтандыру жағдайының туындауы туралы уақтылы білгендігі дәлелденбеген жағдайда немесе Сақтандырушыда мұндай ақпараттың болмауы сақтандыру төлемін төлеу міндеттемесіне кері әсерін тигізбесе ғана сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы болады. Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының туындауы туралы уақтылы хабарламауы сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіз бола алмайды.

5.7. Шарттың 2-қосымшасында көрсетілген автокөліктер бойынша сақтандыру төлемін Сақтандырушы өзі сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешімді қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сақтанушы таңдаған техникалық қызмет көрсету станциясының банктік шотына немесе Шарттың 14-бөлімінде көрсетілген Сақтанушының банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді.

5.8. Тараптардың арасында себептер мен залалдың мөлшері туралы даулар туындаған жағдайда, Тараптардың әрқайсысы сараптаманы өткізуді талап етуге құқылы. Сараптаманы өткізуді талап еткен Тарап есебінен сараптама өткізіледі. Егер сараптама қорытындысы бойынша Сақтандырушының сақтандыру төлемін (оның бөлігін) төлеуден бас тартуы негізсіз болса, Сақтандырушы Сақтанушыға сараптаманың тағайындалуы және өткізілуі кезінде келтірілген шығыстарды өтейді.

5.9. Сақтандыру төлемінің мөлшерімен Шарттың Тараптары келіспеген жағдайда, Сақтандырушы Шарттың 5.8.-тармағында көзделген мерзім ішінде келісетін бөлігіне сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті.

5.10. Сақтандыру төлемі төленеді:

1) автокөліктің толығымен жоғалуы (жойылуы) немесе айдап әкетуіне әкеліп соғатын сақтандыру жағдайы кезінде – әр автокөлік құралына жеке-жеке сақтандыру сомасының 5% (бес пайызы) мөлшерінде сөзсіз франшизаны шегеріп осы көлік құралының сақтандыру сомасы мөлшерінде. Автокөліктің жай-күйі табиғи тозуды есептегенде оны жөндеу (қалпына келтіру) үшін шығыны автокөліктің нақты құнының 80% (сексен пайызынан) асатын болса мұндай зақымдалуы автокөліктің толығымен жоғалуы (жойылуы) болып есептеледі. Зақымдалған жай-күй әр нысан бойынша жеке-жеке анықталады;

2) автокөліктің кей жерлері зақымдалған кезде – оны жөндеу немесе қалпына келтіру немесе құрал-жабдықты, тараптарды, тетіктерді ауыстыру мөлшерінде немесе егер автокөлік жөнделмейтін болса тиісті бөлік құнының мөлшерінде. Автокөліктің кей жерлерінің зақымдалуы болып оның толығымен бұзылмауына әкеліп соғатын және оны әрі қарай пайдалану үшін толығымен жарамсыз қылмайтын зақымдалуы саналады.

5.11. Қалпына келтіру шығыстары мыналарды қамтиды:

1) материалдар шығыстары және жөндеуге арналған қосалқы бөлшектер;

2) жөндеу бойынша жұмыстарға төлем шығыстары;

3) жөндеу орнына материалдарды жеткізу бойынша шығыстар және сақтандырылған автокөліктің тікелей сақтандыру жағдайы туындамас бұрын болған жай-күйіне қалпына келтіруге кететін басқа да шығыстар (оның ішінде материалдар мен жөндеуге арналған қосалқы бөлшектерді сатып алу шығыстары, жөндеу жүргізу бойынша жұмыстарды төлеу).

5.12. Қалпына келтіру шығыстары мыналарды қамтымайды:

1) сақтандырылған нысанның жақсаруына алынған шығыстар;

2) уақытша немесе қосалқы жөндеу немесе қалпына келтіруге алынған шығыстар;

3) жүргізілген басқа да күтпеген қажетті шығыстар.

5.13. Сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін төленген сома шегінде Сақтанушы залал себебі үшін жауапты тұлғаға қатысы бар талап ету құқығы Сақтандырушыға өтеді. Сақтанушы Сақтандырушының жазбаша талап етуі бойынша сақтандыру төлемін алу кезінде Сақтандырушыға барлық құжаттарды беруге және Сақтандырушыға өткен кінәлі тұлғаға талап ету құқығын жүзеге асыру үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.

5.14. Егер Сақтанушы үшінші тұлғалардан шығын төлемін алса, Сақтандырушы сақтандыру

талабы бойынша тиісті төлем сомасы мен үшінші тұлғалардан алынған сома арасындағы айырмашылықты төлейді. Сақтанушы үшінші тұлғалардан мұндай сомаларды алғандығы туралы Сақтандырушыға кешіктірмей хабарлауға міндетті.

5.15. Сақтандырушы сонымен қатар Сақтанушыға шығынның алдын алу немесе кеміту мақсатында сақтандыру жағдайы туындаған жағдайда өзі жүргізген тиімді шығыстарды төлейді. Мұндай шығыстар нақты мөлшерде төленеді, бірақ сақтандыру төлемінің жалпы сомасы мен шығыстар өтемақысы Шартта көзделген сақтандыру сомасынан аспауы керек. Егер Сақтанушы Сақтандырушының нұсқауын орындау нәтижесінде туындаған шығыстар болса, олар сақтандыру сомасына қарамастан толық көлемде өтеледі.

5.16. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған жағдайда Шарт өзінің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін Шартта көзделген сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемін жүзеге асыру мөлшері арасындағы айырмашылығына тең сақтандыру сомасы мөлшерінде күшін сақтайды.

5.17. Сақтандыру төлемі Шартпен белгіленген сөзсіз франшиза мен келесі тәртіпте мына нысан бойынша сақтандыру сомасын есептегенде әр автокөлік бойынша жүзеге асырылады:

1) сақтандырылған автокөліктің нақты құнынан төмен деп белгіленген, Шартты жасау сәтіндегі сақтандыру сомасына сәйкес сақтандыру төлемінің мөлшері автокөліктің нақты құнына сақтандыру сомасының теңбе-тең қатынасында, бірақ франшизаны есептегенде сақтандыру сомасы шегінде анықталады. Бұл жағдайда сақтандыру төлемінің (СТ) мөлшері мына формула бойынша анықталады:  $СТ = 3 \times C/СҚ$ , мұндағы 3 - нақты зиян мөлшері, С - сақтандыру сомасы; СҚ - автомобиль көлігінің сақтандыру құны;

2) егер Шарттың 5.17-тармағы 1) тармақшасында белгіленген сақтандыру төлемінің мөлшері Шарттың 5.10-тармағы 1) тармақшасында белгіленген франшиза мөлшерінен асып кетпесе, сақтандыру төлемі төленбейді;

3) егер Шарттың 5.17-тармағы 1) тармақшасында белгіленген сақтандыру төлемінің мөлшері сөзсіз франшиза мөлшерінен асып кетсе, сақтандыру төлемі Шарттың 5.17-тармағы 1) тармақшасында белгіленген сөзсіз франшиза мөлшерін шегеріп жүзеге асырылады.

## **6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзімді бұзған жағдайда, әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,5% (нөл бүтін оннан бес пайызы) мөлшерінде, бірақ сақтандыру сыйлықақысы Жалпы сомасының 5% -ынан (бес пайызынан) аспайтын өсімпұл;

2) көрсетілген Қызметтердегі ақауларды жою мерзімін бұзған жағдайда, ақауларды жою күнін қоса алғанда, әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,5 %-ы (нөл бүтін оннан бес пайызы) мөлшерінде өсімпұл, бірақ сақтандыру сыйлықақысы Жалпы сомасының 5%-ынан (бес пайызынан) аспайтын өсімпұл;

3) көрсетілген Қызметтердегі ақауларды жоюдан бас тартқан/мүмкін болмаған жағдайда - сақтандыру сыйлықақысы Жалпы сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл.

6.3. Тараптар Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, конфиденциалды ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа сақтандыру сыйлықақысы Жалпы сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді. Мұндайда Тапсырыс беруші Жеткізушіден Тапсырыс берушіден алған конфиденциалды ақпараттарды жариялағаны салдарынан келтірілген шығынды өтеуді

талап етуге құқылы.

6.4. Шарт бойынша ақы төлеу мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге кешіктірген әр жұмыс күні үшін төлеуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.6. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.7. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.8. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді толық мөлшерде енгізбеген жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің толық енгізілмеген сомасынан 1% (бір пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талабы болғанда).

6.9. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбегенде немесе оны уақытында енгізбеген жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге тендерге қатысу үшін берілген өтінімді қамтамасыз ету сомасын қайтармайды (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талабы болғанда).

6.10. Тапсырыс беруші бастамасымен Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны салдарынан біржақты тәртіпте Шарт бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын қайтармайды (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талап болғанда).

6.11. Тапсырыс беруші бастамасымен Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны салдарынан біржақты тәртіпте Шарт бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге сақтандыру сыйлықақысы Жалпы сомасының 10%-ы (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талап болғанда).

6.12. Тапсырыс беруші бастамасымен (Шарттың 10.3-тармағы 7) тармақшасы) Шарт бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушінің төлеген сақтандыру сыйлықақысын сақтандырудың өткен мерзіміне теңестіріп қайтарып беруге міндетті.

6.13. Тараптар Шартта көзделмеген барлық мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

## **7. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ**

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына жағдайлар:

1) Жеткізушінің Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсынуы қосылмайды.

Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда, Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

## **8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)**

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттар, экологиялық апат, әскери іс-әрекеттер, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер басталуы, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

## **9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ**

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Тапсырыс берушінің орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

## **10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ**

## **ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ**

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3. Тапсырыс беруші мына:

1) Тапсырыс беруші Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;

2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;

3) сатып алу қорытындысына әсер еткен сатып алу Қағидаларын және (немесе) талаптарын бұзу анықталған;

4) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;

5) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда, Шартты кез келген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;

6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Шартты кез келген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;

7) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, кез келген сатыда біржақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы.

10.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

## **11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ**

11.1. Шарт Жеткізушінің Шарттың орындалуын толық көлемде енгізген күнінен бастап күшіне енеді және Тараптардың ол бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

## **12. ШАРТ ТІЛІ**

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік тілде және орыс тілде электрондық түрде жасалды.

## **13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР**

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

## 14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

### Тапсырыс беруші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>  
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекенжайы>  
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекенжайы>  
<Тапсырыс берушінің ЖСК>  
<банк атауы>  
<Тапсырыс берушінің БСН>  
<Тапсырыс берушінің БСК>  
<Тапсырыс берушінің БЕК>  
**Тапсырыс беруші атынан**  
\_\_\_\_\_ <қол қоюшының аты-жөні>  
М.О. (қолы)

### Жеткізуші:

<Жеткізушінің толық атауы>  
<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекенжайы>  
<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекенжайы>  
<Жеткізушінің ЖСК>  
<банк атауы>  
<Жеткізушінің БСН>  
<Жеткізушінің БСК>  
<Жеткізушінің БЕК>  
**Жеткізуші атынан**  
\_\_\_\_\_ <қол қоюшының аты-жөні>  
М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ө. - аты-жөні.

# ДОГОВОР

<идентификационный номер>

**о закупках услуг**

<наименование услуг>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 1) пункта 17 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, и аффилированными с ними юридическими лицами, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее - Правила), и протоколом об итогах закупок услуг <наименование услуг> способом тендера <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее - Договор) о нижеследующем.

## 1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик на портале закупок \_\_\_\_\_ разместил объявление о проведении закупок услуг <наименование услуг> (далее - Услуги) способом тендера и принял тендерную заявку Поставщика на сумму \_\_\_\_\_ тенге \_\_\_ тиын (\_\_\_\_\_ тенге \_\_\_ тиын), <без учета суммы НДС>.

1.2. Поставщик принимает на себя обязательство по оказанию Услуг в срок и на условиях, предусмотренных Договором и Технической спецификацией, а Заказчик обязуется принять и оплатить Услуги в соответствии с условиями Договора.

1.3. В Договоре используются следующие основные понятия:

